

Айжарық
Сәдібекұлы

Шылда
шудағы



**Айжарық
сәдібекұлы**

**ШҰҒЫЛА
ШУАҒЫ**

**ОЧЕРКТЕР МЕН ТОЛҒАНЫС
ТОЛҚЫНДАРЫ**



**АЛМАТЫ
2011**

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз-7

С 28

*Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдық
торқалы тойына арнаймын.*

Автор

С-28

Сәдібекұлы А.

**Шұғыла шуағы/ очерктер мен толғаныс толқындары – Алматы:
«ARNA-B», 2011. – 272 бет.**

ISBN 978-601-7221-24-9

Уақытында ғаламат сөз зергері Ғабит Мұсірепов қазак әдебиетінін қайраткерлеріне бағыштап: «Жазып жүрген очерктеріміз көркем шығармадай оқылатын болсын, ал көркем шығармаларымыз очеркке ұксап кетіп жүрмесін» деген еді. Жазушы-журналист Айжарық Сәдібекұлы очерктерін де оқырманын кызықтыра кең тыныспен, көркем сөзбен суреттеп жазады екен. Бұл жинакка осындай ынғайда жазылған очерктерінің біркатаres енді.

УДК 821.512.122

ББК 84 Каз-7

ID TAMA

1102

© «ARNA-B», 2011

ISBN 978-601-7221-24-9

МЕН СІЗДЕРДІ ҰЛЫҚТАДЫМ

кітапқа кіріспе

Көптін катарында өткен ғұмырымның жалынды жылдары жиырмасыншы ғасырдың еншісінде кетті. Жалпы жұрттың бірі болып ғұмыр кештім. Қанаттас құрбыларымнан алға шығандап озып та кетпедім, шабандап кейін де калғаным жоқ. Дегенде өмір көшіне ілесіп отыру онай болмады. Ауыр болды. Тұрмыс тауқыметін жалпы жұртпен бірге жиырмасыншы ғасырдың қырқыншы жылдарында туған біздер де көрдік. Алла жар болған шығар, тұрмыс күйінің шама-шарқына қарай мәпелеп өсірген, оқытып тәрбиелеген, азamat катарына косқан ортамызға кір келтіргеніміз жоқ. Қоғамдық өмірдің қайнаған ортасына ерте араласа бастадық. Ата-ана, өскен орта үміттерін қайткенде актаймыз деген асыл оймен шама-шарқымызға қарай ілгері талпынумен болдық.

Өмірдеректе айтыла беретін енбек жолым ә дегеннен аудандық газеттің редакциясынан басталып еді. Уақыт өте келе бұл қызмет менің «тандаған мамандығыма», дұрысы тапжылmas тағдырыма айналды. Әдепкіде жазушы-журналист болу ойыма келмепті. Қаламды қолыма өте кеш, 22 жасымда

ұстадым. Тағдыр талайыма жоғары білімді мұғалім дипломымен журналист болу жазылыпты. Бұл өзі ой мен жазудан бас көтертпейтін кәсіп екен. Осы машақатпен айналыскалы әрбір күнім мен түнім ой кешумен өтіпті. Айтарының не, редакцияның қызметіне бір жегіліп алғасын ойсыз, жазусыз күнің өтіп, таңын атып болмайды екен. Осы күні мен өзімді ұшы-кирыры жок жазудан салынған киыршиыр жолмен жүріп өткендей сезінемін...

Бастаң өткен, алдымыздан шыққан мына қызықты айтайын. 2004 жылы маусым айының жиырма бесінші жаңасында Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық театрында журналистердің мерекелік кеші болып өтті. Филармония артистері көрініс дайындаған екен. Әрі әнші, әрі биші бір бикеш журналист ролін ойнады. Сол сұлу билеп жүріп әзілге толы, көнілге де конымды ән шырқасын. Қайырмасын: «Жазу-жазу, жазу-жазу, күнде жазу, түнде жазу, тағы жазу және жазу, бұл неткен жазу таусылмайтын...» – деп ойнакылана билей жүріп әндеткенде, залдағылар дүркірете кол сокты.

Рас, шынында бұл неткен жазу таусылмайтын?! Дәл айтқан. Пайымдал көрсем, біздін осы жұмыс күнделікті сегіз сағатпен бітпейтін бейнетіміз болған екен. Редакциядан үйімізге кайтканда еріп келетін, жол жүргенде (мысалы командировкаға шықканда) еріп жүретін, қапталдастып жанымыздан қалмайтын жүйкежер екен. Сегіз сағаттық өлшемге сыймайтын, уакытпен санасып жатпайтын, калай, қанша жазсак та, сол «шатпактарымызға» өмір бойы көніліміз толмайтын кәсібіміз болған екен. Эне, жігерге толы саналы

жылдарымыз осылай өтіпті де кетіпті. Көзіміз де, шашымыз да «жазу да жазу» дейтін көк бейнетпен ағарыпты. Не жаздық, қалай жаздық, нені келістірдік, нені келістіре алмадық, оны кім есептеп жатыр. Жылдар бойы жазғандарымнан өзгелер тұрғай өзім де жанылысып қалыптын. Ал бізде ғылымды қаузайтындар атаулы жаска толғандарында жазған еңбектерінің санын кадап айтып жатады. Сондай дәстүр қалыптаскан. Жазушы-журналистер болса, не тындырғанын өздері де діттемейді. Жазды, жазды. Сол жазғандары басылым тігінділерінде сарғайып қалды. Сонымен болды. Ал оларсыз коғамның құні жок...

Өз басым балықшылардың ауыр тұрмысын көріп өскендіктен бе, қаламды кару еткен ғұмырымда мандай терімен күнкөрген пендelerге іш тарта беретін едім. Бесік тәрбиемізден де болар, сөзіне ісі сай, обал-сауапты білетін, кара күшіне жалынған еңбек адамдарына жаны аштын, адал жүріп ак сөйлейтін кісілермен жанаса ғұмыр кештім. Имандашыным, өтірік күліп, жалған сөйлейтін жағымпаздармен, коғамның тынысын тарылтып, халықты қажыткан екіжүзді пысыктармен, жен ұшынан жалғаскан коррупционерлермен, парага құнығып антын саткан антүрғандармен жаным жараспады. Осы әдетімнен өмір бойы айнығаным жок. Қаратай мен Арап аралығын аралай жүргенде небір күндерім мен тұндерім жүздерін құн қаккан дикандардын дала костары мен малшылардын өрістерінде өтті. Мен сол еңбек торыларын ұлықтадым. Көргендерімді көніліме түйе жүріп кімдердін кім екенін оймен пайымдал, ақылмен сараладым. Жазғандарымның кейбірі түрлі басылымдарда кейде деректі әнгіме-хикая,

кейде очерк болып жарық көрді. Республикалық, облыстық радиодан жалпак елге тарады. Әлбетте кейбірі қысқарып, қайшыланып, ұлым-жұлым болып жарияланды. Кейбіреулердің бүкпесінде тұншығып жарық көрмей қалғандары да болды. Бұркыратып жазып жүргенімде білдірмей өте берген уакытымды байкамаптын, деректі әнгімелер мен очерктерді көп күйттеген екем. Бірақ оның бәрі бүгінгі күнге жеткен жок. Құдай ондап тек біркаторы ғана сакталып қалыпты.

Мына кітабымдағы кейіпкерлерім өмірде болған кісілер. Ортамызда жүрген көзі тірілері өзіммен бірдей қайту базарының жолында келеді. Ұрпактарының қызығы мен шыжығына тояр емес. Кейіпкерлерімнің кісілік жаратылышы мен енбек мерейін қысқа жанр ынғайымен көркемдеп суреттегенім болмаса, жазғанымның жалғаны жок. Деректі туындының табиғатында бұра тарту деген болмайды. Кейіпкерлерімнің тағдыры заманында солай болған – менің осы жазғанымдай болып еді.

Күрметпен, Айжарық СӘДІБЕКҰЛЫ

SUMMER

ОЧЕРКТЕР

ҚАЙРАН, БІЗДІҢ ҚАРА ШАЛДАР

I. НАСРЕДДИН АТА

Біз бұрын бұл қарияны облыс орталығында тұратында көруші едік. Себебі, күні кешеге дейін әрбір мереке салтанатында ардагерлер тобын бастап келіп, алқалы жиынның құрметті төрінде отыратын. Кейде мәртебелі мінбеден сөйлейтін де, бірак соның бәрі ресми жағдайда өтетін. Ардагер атамыздың әңгімесін алыстан тыңдағандай әсерде қалатынбыз. Ал енді бұл жолғы жүздесудің сәті түскені және жүрек жылып, көнілден күн күлгендей болғаны: сірескен сыпайылық жағдайында емес, кәдімгі қазактың токсан жасап картайған қарапайым бір шалының өз үйі, өлең төсегінде сұхбат құрып отырмыз. Мұндай сәт бүгінде сирек ұшырасатын болып барады ғой... сондыктан енді кайталанбайтын жөні бөлек жүздесудей көрінген.

Бүгінде бойындағы «артық» сөлінін бәрінен арылған, акқұба өнді, ак шашты шалдың 1930 жылдың жиырма бесінші наурызында М.Калинин, В.Шмидт, А.Енукидзенің колдары қойылған жарлық бойынша 1934 жылдың жиырма бесінші маусымында берілген №14205 «Қызыл партизан» куәлігін көріп отырып күлкімнің келгені... Оның бүкіл өмірі күдді партизандықпен өткендей: каладан жырактағы машина сынау стансасының іргесінен өтетін канал бойындағы тоғайлыкты онаша мекендейді екен. Қария көнілін ұғу қын емес: талай-талайғы киындықтарда талықсыған жаны жасы ұлғайғанда уыздай үйіған тыныштықты қалаған болар. Жасау-жинадан көзге ілінерліктең жылтырағы жок, шағын екі бөлмелі зілмәңкеге таныркай отырып:

- Бұл үйге қашан кірдініз? — деп сұрадым.
- 1967 жылы 75 жасымда, — деді қатты дауыстал. Сірә, мені де өзіндей құлағы тосан тарткан шығар деп ойлады ма, кім білсін...

— Бойда куат барында жата-жастана жүріп салып алдым. Осы ара тыныш мекенім болсын дедім. Жылда күн жылт етісімен желіге екі бие байларатамын. Адамның ұлкейгендері сәні осылай болуға керек...

Үйдін іші жасау-жиһазға жұтан болғанымен, оның есесіне қабат-қабат төсегін жиектей іргеге жанастыра «Правда», «Социалистік Қазақстан», облыстық «Ленин жолы» газеттерінің неше жылғы тігінділері жинаулы тұрды.

— Ата, жарық дүниеге жиырмасыншы ғасырдан сегіз жыл бұрын келген екенсіз. Демек, бүгінгі мамырайкан дәуреннің мұнсыз-камсыз өскен ұлы мен қызына сіз арғы заманнан жеткен көненің көзіндегі көрінетініңді іштей бағамдайтын да боларсыз. Жас үрпак сіздерге калтқысыз сенеді. Егер, мүмкін болса, кейінде қалған кездерінізге кайырылып бір соксаның кайтер?

— Е-е-е, жөн-жөн... — деп кария бірауық ойланып қалды.

— Ескі күнді, төңкерістен арғы дәуірді еске алғанда, оның өзекті жан қызығатындағы шамалы болды. Оны ойласам... денеге діріл пайда болады, жүрек соғады...

— Дегенде, естен кетпес өмір өткелдері аз болмаған шығар?

— Иә, иә, қарағым... Аз емес, бір басыма көптік етпесе, аз болған жок... Айтсам, біз өкеміз Тасымнан: Сүйінкара, Қалымкара, Насреддин есімді үшеу едік. Ағайынды үшеуміздің де бір анадан шыр етіп туған топырағымыз: бұрынғы Перовск уезінің төртінші ауылы — Куандарияның табаны болады. Бүгінде Қармакшы ауданына карайды. Ағаларым кісі есігінде жалшылықта жүрді. Өйткені өкеміз кедей болды, әрі мүгедек адам еді. Жеркепеміздің маңына шама жеткенше егін еgetін едік. Алайда тапканымыз не тамакқа, не киінуге жетпеді. Әкем байғұс мені он екі жасымда Базар деген байдың жалшылығына берді. Ол кездегі кедейшіліктің түрі бөлек болатын... Базар байдың есігінде менімен бірге Дүйсембай, Шайназар деген кедей балалары да жүрді. Ертеден кара кешке дейін сабылып жүргенде алатынымыз жылына үш-ақ сом болды...

Базар байдың есігінде екі жылым өтті. Мен он төртке толғанда әкем Акмешітке коныс аударды. Бірак бұл жактан да жанға рахат болатын жұмак табылмады. Ағайынды үшеуміз біраз уакыт әр жерден бір кездесіп қалатын түрлі кәсіппен күн көріп жүрдік те, 1913 жылы қаланың кірпіш зауытынан тұракты жұмыс тауып

алдық. Со жылдың аяғында мен ағаларымнан бөлек Беляев деген подрядчикке жалданып Терmez кеттім. Әлгі Беляев Перовскіден 40 жігітті алып барған екен. Есімде калғандары Әбділда, Пірмағанбет деген достарымды ұмытпаппын. Оńда біз шойын жолдан солдат казармаларына жүк тасыдық, бау-бакшалығын күттік. Мейманасы тасыған жандардан мейірімділік кете ме деймін, гаризон офицерлері бізді адам демеді, жұмыс көлігіндегі көрді. Жазықсыз балағаттайды, кайымы келсе соғып та жібереді. Бір тұскі үзіліс кезінде мұрты едірейген көккөз офицер менін алдыымдағы табакты теуіп кеп жіберді. Білмеймін не болғанымды, көзіме кан толып кетті. Әлгі офицерді камыр ысатын октаумен как мәндайдан салып жібердім. Каны бұрк етті. Сол сәт жолдастарым да дүрліге ұмтылысқан екен...

Сол оқиғадан кейін мен Термезді тастап Жетісу жеріне кеттім. Оńда да кара жұмыска жегілдім. Бұнда да киуы кашкан тірлік. Алайда менін өрісім тағы да ұзакка бармады. 1915 жылы семья жағдайы себеп болып Перовскіге оралдым. Лағнет жауғырлар, мұндағылар да казактын жер-суын иемденіп отырып... бізді көрсө жындары бар козып кететін, онайлықпен жұмыска ала қоймады. «Киргиз-кайсак» деп кемітеді, «баран» деп сөгеді. Біраз әурешілікпен әрен дегенде шойын жол депосының кара жұмысына іліктім-ау. Депода казак жұмысшылары некен-саяқ болатын. 1917 жылдың қарсанында депонын төрт жүзге жуық жұмысшысының тек он бес-жыырмадайы ғана жергілікті халықтан еді...

— Сондай жағдайда жүріп коғамдық-саяси өмірге калай араласа алдыныз?

— ...Бәріне себепші болған большевиктердің астыртын ұйымы. Менін жалпы кара танып, саяси сауат ашуыма алғашкы ақылшы ұстаздарым Левашов, Крышев деген ерлер болды. Солардың желеп-жебеуімен мен депо балғашыларының қатарына косылдым. Ал 1917 жылдың шілдесінде большевиктер партиясының мүшелігіне өттім. Міне, көріп отырмысын, — деп кария жейдесінін өнірінде жарқыраған әдемі белгіні көрсетті. — Бұл «КПСС қатарында 50 жыл» деген белгі еді. — Осыны маған облыстық партия комитетіне арнайы шакыртып, күрметпен табыс етті колыма. Санай бер, сонау он жетінші жылдан бері не заман, қандай-қандай дәуірлер өткен десенші... Сөйтіп, сонымен ұлы тәңкеріс қарсанында астыртын



большевиктер үйімінің тапсырмаларын орындаған, небір бас кететін киын істеріне жәрдемдесіп жүрдік...

— Өзініз большевиктер қатарында қарсы алған Қазан төнкерісін біздін замандастарымыз «жырмасыншы ғасырдың ен ұлы окиғасы» деп бағалады. Бұл орайдағы сіздің ойынызды білсек?

— ...Айтарты жок, тек солай бағалау керек. Бірак тізгінді өз колымызда ұстап, қаранды кедей-кешіктемен жаңа заманды орнықтыру онай болған жок. Сүмдүк қан төгістер болды. Ақтар мен қызылдар бірін бірі аяған жок. Қосақ арасында біз де кеттік еріксіз... Жас Совет өкіметінің жаулары — күшті карсылас болып шықты. Олар большевиктерді бірден тұншықтырып тастамак болды.

Жергілікті Совет қызыл гвардия отрядтарын үйімдастыруды. Карапашын аяғына карай деподағы жұмысшы кәсіподадының жетекшісі А.И.Коваженко жолдастын рекомендациясы бойынша мен де қызыл гвардияшылар қатарына кабылданым. Перовск отрядын большевик Н.Ф.Селиверстов баскарды. Елде Азамат соғысы басталды. Біздің интернационалдық күшке айналған отрядымыз алғашқы кактығысты Актөбе майданында бастады...

...Күрес Орынбор майданына ұласты. Бұрын көз көріп, құлак есітпеген небір қындықты бастан кештік. Доңыз стансасында Хұсайынов деген аса корлы татар байы бар екен. Сол шіркін қырық вагон азық-тұлікті актар үшін сары майдай сақтап келіпті. Соны тәркіледік те, азық-тұліктерді Ташкент, Шалқар, Арал, Казалыға бөлістіріп жөнелттік...

...Женіс туын желбіреткен біздін отряд Перовскіге наурыз айында оралған-ды. Алайда жазға карай «чехословак бұлігі» кезінде Дутов Орынбордан Илецкіге дейінгі аралықты басып алды. Біз ак казактардан бірде ұтыла, бірде ұта жүріп Илецк – Ақбұлақ аралығындағы шойын жолды қалпына келтірдік.

...Одан кейін Бұхарадағы соғыс... Одан кейін Ташкенттегі «Осипов бұлігін» басуға біздін отряд бес жұздей колмен жетті. Осы жолғы женісіміз үшін ТурЦИК-тің алғысына бөлендік... Артынша Орталық Азияда басымашылардың «бұлігі» басталды. Енді біз Ферғанадан шығысымен 1919 жылдың көкек айында Актөбе майданына аттанып кеттік...

Мен – партия солдатымын. Соңдықтан партия қайда жұмсаса, соңда бардым. Ал біздін жүріп өткен жолымызда калпакпен қағып алатын онай женіс болған жок...

Еріксіз ой кешеміз. Басқа тауқыметті былай қойғанда, адамның есейген шакта сауат ашуы қандай киямет. Колында каруы, күнде бір өлі, бір тірінін арасында жанынан безіп жүрген кісінін ерікжігері, төзімі бұған жетер ме?! Ол қалай сауатын ашып, қалай катарға косылды... соңдағы көрген шырғаланын айтып тауыса алар емес. Дегенмен заманы туса адамның аспайтын асуы, женбейтін киындығы болмайтын да сиякты. Менің карсы алдында бір кезде қара танымайтын жетімек қарандылықты жарып өтіп, Мәскеудің К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітірген жоғары білімді кария отыр.

—... Мен халкыммен бірге жасасқан жанмын, карағым. Ел-жүртім нендей киямет-күйзелістен өткен болса, соның бар ыстық-сұығын бірге бөлістім. Дегенде бұл ғұмырдан көрген жаксылықтарым да аз болмапты. Уа, сендер Қазак Совет өлкелік бірінші конференциясының 1920 жылы кантардың 3-11 күндерінде Актөбе каласында өткенін тарихтан білесіндер. Соған мені де алып барды. Мен Әліби Жанкелдинді, қазактың басқа да кайраткер азаматтарын сол сапарымда көрдім. Бұгінгі Қазақстан Республикасы мен партия үйіміның негізі сол конференциядан басталды. Содан кейін Ташкент, Қызылорда, Алматы калаларында оки жүріп, үйрене жүріп партия, совет, шаруашылық саласында түрлі жауапты қызмет мектебінен өттім. Академияны бітірген соғыс карсанындағы жылдарда Сыр бойында «Караөзек», Жетісудың «Іле» совхоздары шаруашылығын баскардым. Күш, көліктің кемдігінен екеуінің де шаруашылығы түйікка тірелген күйде екен. Соны түзеуге бар кажырымды салдым. Жобасы, партия сенімінен шықтым білем...

— Ал соғыс және одан кейінгі жылдарды еске түсірінізші?

— ...Е-е-е, ол кезендер де текке кеткен жоқ кой. Соғыс жылдарын Орынбордың іргесіндегі қару-жарак жасайтын зауытта өткіздім. Ондағы киындықты енді ешкім көрмей-ак койсын. Тәулігіне төрт-ак сағат тыныс алатынбыз, калған уакытта тізе бүгіп, бел жазу деген арман болды... Ал соғыстан кейінгі жылдарым «үйымдастыруши – зоотехник» деген мамандығымның арқасында Сыр бойында мал шаруашылығын өркендету машақатымен өтті. Бұгінде

керегесін кең жайып, кемелденген осы өнірдегі шаруашылықтардың көбісін соғыстан кейін колдан ұйымдастырып, ірілендірдік. Партия мен үкімет сол енбегімізге орай еселеп күрмет көрсетті. 1952 жылы одактық дәрежеде дербес пенсия тағайындалды. Бұл менің баяғы бір кезде өнім түгіл түсіме енбеген ұлы жаңалық деуге келер. Сосын 1961 жылы Алматыда өткен Қазак ССР-нің 40 жылдығын тойлау мерекесіне катыстым. Сосын 1967 жылы 75 жасқа толған шағымда Ленин орденімен наградтап және қуантты. Сосын КПСС Орталық Комитеті мен СССР, РСФСР-дін Жоғары Советтері Лениннің жұз жылдық ұлы мерекесін өткізу салтанатына Сыр бойынан мені арнайы шакыртыпты. Қолыма Кремльден алтындаған «Шакыру билеті» тигенде жүргім жарыла қуандым. Я-а-а, деген-ай...

Баяғы заманның жалшысы Насреддин Тасымов аксакал есіктегі басын төрге шығарған жана коғамнан көрген жүрекжарды жаксылықтарын санап тауса алар емес. Мәскеуде өткізген сонау студенттік жылдарында сұмдық катты сырқаттанып... о дүниеге барып қайтканың есіне алды. Сол кезде әуелі Кремль ауруханасында бір рет, кейін Қырымда екі рет тегіннен-тегін емделіп, құлан-таза сауығып кеткен. Соны айтқанда көзіне жас алды...

—...Қайтейін қарағым, — деді дауысы қалтырап, — адамның қай-кайдағысы есіне түседі еken. Аттың жалында, атанның комында желе жорытып өткен ата-бабаларымыздың көрмеген жаксылығын итпектеп жүріп біз көрдік. Өзгелер катарлы біз де ел болдық. Алла көпсінбесін, бұл күнімізге де зарығып жеткенбіз. Келешегін өздерің, көре жатарсындар...

Токсанның асуынан аскан ардагер жүргіндегі сел сезім сырын жанымен ұққандар ғана түсіне алар тегі. Оның осы қалпындағы көніл күйі баяғыдан бүгінге жеткен көшбастаушы қаһармандардың кезең-кезең өмір өткелдерінде жолықтырған қайғысын да, қуанышын да бірдей куәландырып отырғандай еді...

П. АМАН АТА

Бірде бір топ бейтаныс қарияларға жолығайын. Тойға баратын-дай бәрі де су жана киініп алған. Несін айтасың, небір аталы сөздің,

термешіл тиегі ағытылды дейсіз. Тек тыңдай біл, ұға біл. Әнгіме төркіні tym әріде жатыр. Сонау киянда калған шежіре күндердің оқиғалары атойлад алдыннан шыкканда болды.

Кариялар Сырдария ауданының «1 май» совхозында тұрады екен. Пионерлер үш үрпак өкілдерімен кездесу кешіне шакырыпты. Соған бара жатырған беттері екен. Кеудесі сәл енкіш тарткан, ұзын бойлы, қанды кызыл жүзін әжімдер табы торлаған, ат жакты, ак бас қария көзіме жылы ұшырай берді. Шоктанып біткен ак бурыл қабағы астында сыр толкыны. Жанары жаси қоймаған. Омырауда Енбек Қызыл Ту ордені, самсаған медальдар. Бүйрекінді еріксіз бұрады.

Кейін Қабылов Аман есімді сол кариямен арнайы сәлемдесудің сөті тұсті. Сыр ашуға тартынып еді, ақыры құтылмасын сезгендей: «Макұл. Меселін кайтпасын. Бірак атаннын бір тілегі бар. Айтқандарымды каз-калпында түсір кағазына. Өз жаныннан әсірелеп жалған сөз жамайтын болсан, сакалды басымды әурелемей-ак кой», – деп ескертті.

Келісім осы болды.

...Ел іші дүрбелен.

– Ак патша тағынан тайды.

– Тайса барсын...

– Бұл жаңалыкты естігенде мен он бес жаста едім. «Тактан тайдырған кандай ер?» Осы сырдын ұшығын іздел жан жүрегім алып-ұшты. Алайда білу кайда... өнер-білімнен жүрдай шикі жас нені түсінеді. Бар жетіскеңіміз ағайынды ұшеуміз кісіден ат сұрап мінгеніміз жок. Шешем косағынан tym ерте, үш ұлымен қалғанды. Кенжесі – мен. Бозбаланың сауықты шағы. Көніл алан. Өзімше серілік күру ойда бар, алайда... кол қыска. Шешеміз қамқөніл. Шағын дәulet шайқалып кетпей шак тұр.

Ел іші дүрбелен. Ак патшаны жоктап шынымен қайғырғандар да болды. Е-е-е, көнілде бәрі сайрап тұр ғой. Айта берсем ұзак жыр. Біраз ағайын ак патша «анызына» сенбейтін де сияқты. Қалай сенер, дүние дүбірінен жырак калған бұйығы ауылға бұл бір «көреметтің ісіндей» көрінді... Бірде «ак пен қызыл айқасып жатыр» десті көзі ашыктар. Әйтеуір ел ішінде каясет көп...

Ұлы төнкерістің дауылды дабылы үдей тұсті. Теніздей шайқалған халық. Ауыл-ауылда жер кайыстырған жиын. Көп ұзамай біреулер шала түсініп, біреулер тұк түсіне алмаған ала-құйын бір кезенге ілестік.

— Ленин! Төнкеріс! — Ел аузында осындай ұран. Мен ауылдан Ақмешіттегі теміржол бойына жиі қатынайтынды шығардым. Апталап үйге түнемей жүрген кездер де болды. Арадын арғы манында кескілескен ұрыс жүріп жатты. Ел жұмылған ұлы іске ақыл коспағанмен білек құшін аянып калған біз жок. Көп жігіттер қызылдарға ел адактап азық-тұлік, кару-жарак жинағы. Теміржол бойына қаздай тізілтіп талай керуен жөнелттік. Сол карбаласта көп сүріндік білем, алайда ел тірегіне жараған ер-азаматтар жасыған жок. Ненің күші дем берген? Мен соған әлі күнге кайранмын...

Көп кешікпей Сыр бойында жана өкіметтің туы желбіреді. Ойхой, заман... керімсал көктемнің жана лебі желпіп өткендей болып еді сонда. Шіркін жастық-ай десенші...

— Колхоздастыру камы біздің ауылда отызыншы жылдарда басталды. Ақ гвардия мен қызыл әскердің талапайынан әлсіреп, әділесіз әмір-тәртіптен жүрекшайды болып калған қоныр төбел халықтың кауымдасуы киын болды. Әуелі ептең-септен 14 үйден «Көкшокы» серіктестігін жобаладык. Атадан калған аз малдың ажарына қарағаным жок, казынаға костым да, жер алып ат сока салдым. Талап онға басты. Тусырап жаткан құйқалы жер тары мен бидайға тұнып калды. Қанар-қанар астықты аркалап тасып тауыса алмаған күндер еді ол.

Үйлесіп кешкен тірлік берекетіне жүрттың көзі жете бастаған. Бауырсақтай бытыраған алты серіктестік 1930 жылдың көктемінде бір артельге кауымдасты. Қара шанырак көтерілді. Әлі есімде: артель орталығы «Ақдөнде» кедей біткен бір тудын астына жинальп, Ленин портретін жоғары көтеріп тұрдык. Тұнғыш председателі болып мына отырган кара шал Жаркеткен атан сайланды. Ұлан-асыр той: бәйге жарысы, көкпар додасы, ат үстінен аударыспак... Ой, дүние-ай, кешегі «1 Май» колхозы солай күрылып еді-ау...

Кедейлер тұс-тұстан катарға косылып жатты. Колхозға 360-тың үстінде жылқы, 200-дей сиыр, мын жарымға жуық кой

күралды. Үш жұз үй бірікті. Кейін Кызылқұмнан кашып-пысып жүрген жиырма үй, үш мынға жуық кой косылды. Дәuletтің еншілес екінші көзі жабыла егіске аттандық. Алпыстан аса звено, төрт бригада жасакталды.

Бригадирдің бірі мен болдым. Алғашында өте ауыр сокты. Құш, көлік, тұқым, құрал-сайман тапшы. Қындықпен карбаласа жүріп 200 гектар бидай, 80 гектар тары тұлеттік. Казір сол кез еске түскенде, карағым-ай, көрі жүрегім қағып, қағып коя береді; қажыткан, картайткан колхоз үшін біз не істемедік, не көрмедік... Бірак ешкімге менің залалым тиген жоқ. Асып-тасып отырсам, айтсын анау кара шал...

Колхоз құрылышының құрметті ардагері Жарқеткен Елеуов аксакалдың өнгімесінен:

—... Қабылдың Аманы кой аузынан шөп алмайтын жуас болды деп айта алмаймын, бірақ кон етіне мейрімі келмейтін нағыз апайтөс ердің өзі болды. Талай киын-қысталанда қанаттас жүрдік. Біреуге киянат жасауды білген емес. Құрғак айқай ақылсыздан шығады ғой. Бұл кісіні белсенді мінезben жұмсаған жан емес. Белін жүрттан бұрын буынып, жұмысқа алдымен өзі кірісетін. Ондай ерді көрген ел еріксіз жұмылатын іске. Бұл ма бұл, жойқын күштің иесі еді-ау! Талай жан беріп, жан алыскан карбаласта, ой рахатын көрдік кой бұл сабаздын. Ат үстінен аударыспак, көкпар тартысы дегенде алдына жан салмайтын. Қыстың күні каналға түсіп кеткен тракторды да сүйреп шығарған еді-ау! Қысылғанда арыстандай айбарлым еді. Сондай ерге тіл тигізіп, тепкіге салған пендені де көрдік кой. Не деуге болар... Заман құбыларында адамның құлкы азады білем. Халықтың кансырауына көрінді ме, соғыс қарсанында бір кезен ел тынысы тарылып тұрды...

...Күзгі құріш орағының карбалас кезі. Облыстан танаураған біреу келді. Өкіл екен. Есімізден тандырды. Ол кезде сөл қателессен «халық жауысын». Жағдай ауыр. Талай боздак ұсталып кеткен. Колхоздың ендігі бетке ұстары – Аманның бригадасы. Өкілді алдымен соған апарады. Алайда кытымыр өкіл «ұлкен онбағандықтың» үстінен шығыпты. Мактаулы бригадир құрішті бір жамбасына көлбеген күйде орып жатса керек. Өкіл шошып түскен:

— (Ә) — Эй, ұзын! Не істеп жатырсын?! — дейді.

— (Ә) — Құріш орып...

— Ақымак! Күрішті жатып ора ма екен?!

— Бел шыдатпай...сосын... осылай амалда...

Шала-бурыл мас өкіл бомбадай жарылады. «Өншең жауызсындар!» дейді. «Мен сені ұстатаң жіберемін» деп, ыза жерде көзіне, тер құйылып отырған бригадирді казакша, орысша араластырып, боктап-боралайды. Аман — алып жігіт. Серейген терте сирағын әрен жиып, удай ашып сыркыраған белін укалаған күйі тұра бергенде, өкіл: «Онбаған! Тездет! Тұрып ор!» деп бөксесіне бір тебеді ғой баяғы. Мұны көріп тұрғандарда ын деуге хал жок. Жалғыз-ак ауданнан ере келгендердін бірі — комсомол бала: — «Ағажан-ай, құрықың қой...» деп өкілге тұра ұмтылған Аманға жармасыпты.

Көргендер айтады: сабаудай азаматтар «турап тастаймын» деп ұмтылған Аманның колын орактан жаза алмапты. Жаратылысында адал жан неден тайсын...

Аман қария катты күрсінді: «Қайран кара шал, сен өңгіменің әдемі айтасын-ау! «Өкіл бомбадай жарылды» дедін, ал мені жарылсам не болар еді... бидайы мен тарысынан құтылып, күрішіненді-енді өлімімді салып жатқанымда... атқан оқтай қадалды ғой. Кісі ондай қысастықка калай шыдар. Сол құнгі менін жан қүйімдің үккан кім? Көзіме құйылған ашы терге запыран жасым қосылып, өкіре өксігенімді ұмытармын ба?...»

Жарқеткен шал толғап отыр:

— ...Ол кезде негізінен бидай мен тары өсірдік. Қайраты жеткендер күрішті де ұксатты. Біздің жерде түлеген күріштің жана сорты «Первомайский» кезінде бүкіл Қазақстанға белгілі болды. Оның иесі — білгір селекционер дикан С.Лян еді. Қызықты қара. Өкіл «құртамын» деп кетті. Ал, Аман сол күзде өзі баптап өсірген күріштіктің әр гектарынан 121,8 центнерден өнім өткізіп, республикалық рекорд жасады. Сенермісіндер соған?

— Неге сенбейміз...

— Сенсендер болды. Қанша гектар еді сонын, а? — деп Жақан кәрі жолдасына қарады.

— Бес гектар-ды.

... — Я, я, солай! Сол рекордтан кейін көп ұзамай (1936 жылы карашада) Советтердің Бүкілодактық Төтенше VІІІ съезі шакырылды. Онтүстік Қазақстан облысының Қызылорда ауданынан, оның ішінде біздің ауылдан осы Аман делегат болып катысты.



Ойлап отырсам, бұл сабаз барлық кезенде де алғы шепте жүріпті-ау. Алайда, не керек, сол тұнғыш рекорд иесі кейін ұмыт калды...

— Ей! Сен, кара шал, өйтіп тантыма. Кейін екі рет Мәскеудін көрмесіне катыстым. (1939 және 1955 жылы). Рекорд сонда алдыман шыкты. Көрмеде жаркырап жазулы тұрды.

— Рас шығар?! Не дейді, ә? Кейінгі үрпак сенің Қазақстандағы тұнғыш рекордшы екенінді білсе болар...

Рекордтын болғаны рас. Оны растайтын Аман аксақалдың колында Шымкент архивінен алынған аныктама бар. Содан мынадай үзінді келтіргеніміз жөн болар: «Қабылов Аман 1930 жылдан колхоз мүшесі, 1936 жылы ВКБП мүшелігіне кандидат. 1930-1952 жылдарда ұдайы өндіріс бригадирі болған...»

Сұхбат үстінде Аман ата съезд күндерінде М.И.Калининнің колын қысып, арқасынан какканын тебірене еске алды. Басқа да мемлекет кайраткерлерін көргені де ұзак жыр. А.И.Микоянның колойып сыйға тарткан кітабы сырлы сандығында сактаулы екен.

— ...Аксакал, сондағы өкіл бар ма қазір? Білесіз бе?

— Бар. Білеміз, — деді тұнғыш тәраға Аман аксақалдың алдын орап. — Дербес пенсияда. Облыс орталығында тұрып жатыр. Жеті бөлмелі үй салып алған. Жегені жал-жая, казы-карта. Ал Аман атанын сол баяғы коныр күйі...

— Апыр-ай, кара шал, қызыл Октябрь тойы жақын қалды-ау. Біз екеуміз мұны да көргелі отырмыз ә-ә-ә. Өзін көкпарға қалайсын, а?

— Аман аксақалдың даусы дірілдеп шыкты. Кауқы құлқісін де жасырып тұрған жок.

— Я-а-а, әркім бұйырғанын көрді. Бұл шакка жеткен де бар, жетпеген де бар. Тағдыр ісіне кім ара тұрады... А-ал, көкпарын бізден алыстал кеткен шығар...

Мына кара жер адамзатка пана болғалы не көрмей келеді. Фашизм сойканын да көрген. Батыстын дәл кіндігінен арасат дауылды сокканда... құллі әлем күніреніп кетті. Адамзатка апат төнді. Осынау жарық дүние жарапғалы соғыс кімге жаксылық әкелген. Абырой-атағы заманнан заманға озған талай ел алапат астында кансырап жатты. Енсесі биік Европа бір күнгідей болған жок,

ойран ортасында тұншығып қалды. Жау ниеті белгілі. О, оны ойласан... жан түршігеді. Сондағы болып өткен алапат күллі адамзатка ауыр қайғы, жойқын ауыртпалық әкелді ғой. Ел-елдің тағдыры сынға тұсті.

Ол аса ауыр сын еді. Тұтеген окка қаулаған өрт кабаттасты. Жер-дүние канға бекті. Туған ел тенселіп тұрды. Құллі адамзаттың алапат майданында апаттан сактап калу онайға түскен жок. Соғыс басталғанда Аман 42 жаста еді. Азаматтың дер шағы. Майданға алдымен тілек коскандар катарында болған-ды. Алайда өміріндегі бірінші рет тілегі жанбаған тұсы сол болды.

Жаркеткен кария: – Е-е-е, бұл сабаз кай кезде кейін шегінген. Біз оны ылғи «бірінші» дейтінбіз. Ауылда алғашқылардың бірі болып төрт кластық білім алды. Елден бұрын трактордың тілін үйренді. Кетпенмен канал казуға да алдымен барды. Ал соғыска алдынғы лекте кете алмағаны – тылдағы жанкешті іске де басбілікті біреу керек болды. Аман оған лайық. Жойқын жұмыскерлігінде темірден түйін түйер ұсынАктылығы, ел мұнына елгезек естілігі сайн еді ғой...

Аман аксакал: – Кайран дүние-ай, біздің көргенімізді үржапктың үрпағына бермесін де. Ауылдағы ак жаулық біткен: «Күдай, зауалынды берсін!» – деп Гитлерді күніне қырық карғайды. Бұл дүниеде каралы жандардың ашы зарын есітуден ауыр азап жок падедім ғой... Майданнан жарапанып келгендер мені сол азаптанғүткарды. 1942 жылы казан айының он жетісі күні жорыкка аттандық. Әуелі кара жұмыска алды. Әскери ойынымызбен бірге кираван темір жолдарды қайта жөндеп жүрдік. Қан кешу III Украина майданынан басталды. Соғысқа кол бастап кіргенім жок, құлдығым, катардағы карулы солдаттың бірі болып ендім. Е-е-е, әрлердің шын ессіздігін сонда көрдік кой. Бұл жаһанға адам атымен келгесін ел мен жерге карыздарсын. Азамат парызы – аскар тау, шыға алармысын шынына... Сол үмітпен кан жұтып жүргенде талай, боздақ мерт кетті. Асу-асу майдан өтінде талай оқ құшып ессіз жатқан күндерім күніреніп еске түседі. Абырой болғанда тағдыр жау колына түсірген жок. Атамекенге терім көп сініп еді балам, ол аз дегендей сонау Севастополь, Болгария, Румыния жерлерінде, касык-касык қаным қалды...

Аман ата женіс туын желбіреткен ұлы күнді Европаның азат жерінде қарсы алды.

Елге 1945 жылдың шілдесінде, нақ 29-ы күні оралыпты.

Соғыстан қайткан солдаттар жүрекжарды қуаныштын сел сезіміне мас еді. Әуелі фашизмді женгендеріне, калды кіндік кескен атамекенге аман жеткендеріне ессіз куанды олар. Алайда соғыстан қайткан солдаттын тері бірден кебе қойған жок-ты. Олар келе тұралап қалған шаруашылықтын кат-қабат бейнетіне тап болғанды...

Дариядан сен жүріп өтті...

Жер түгі жылтырап түрлене бастады...

Аманның үлкен ұлы – белгілі бакташы Шәкірбек жайлауға көшу қамында. Қыстаудан көтерілер кезде кария ауыл іргесіндегі каналға сокты. Қасында желаяк немересі бар. Кекілі күлтеленген сәби сүйкімді-ак. Тілінің тәтті кезі. Еліктің лағындей елендеп кызықпайтыны жок. Әсіресе атасының омырауына қолы барғыш. Әдемі әшекейлерінің ең болмаса біреуін иемденсе ғой... еліккіш көніл тағатсыз. Баланың айдай әдемі мамасы да Атасының үстіне шық жуытпайды. «Қайтесің қарағым» дегеніне болмай бар наградасын тазартып тағып кояды.

Ербол көгал қуалап ойынға алданып кетті.

Атасы сызып акқан каналға жүз токтатып тұр.

Иә, туған елдің кезен-кезен дәуірімен бірге жасасып келе жатқан адамның көніл түкпірінде ой толқыны бір тынбайды. Ағыс арнасындей лықсыған сезім селі тұла бойын шым-шым аралап өтті. А-а-а, жарықтық көз көргенім-ай, есінде ме, соғыстан көп бұрын, жоныңа алғаш кетпен салғанда, мен жілігі шағылмаған жігіт ем ғой. «Картайдық, кайғы ойладық, ұлғайды арман...» Абайдың осы айтқаны айнымай келді. Ал сен болсан баяғы калпын, жылда осы уақытта бір жаңарып қаласын, кайта жасарып тасисын...

О, ырысым-ай! Сенің табанына теріміз көп сініп еді-ау. Кетпен сабының күлдіретіп ойып тастаған табы алаканымда, міне, әлі тұр. Қай-қайдағымды қайнардай шымырлаттың-ау. Әмірде өткел көп екен, әр киянға бір салды. Тарих дегеніне жүгінсек: «Майданда

жауға атылған әрбір он оқтын тоғызын Казакстан берген» деседі. Е-е-е, кезінде тыл майданға тірек болды ғой. Онда сенін де сорғалаған нәрін мен тандай жібіткен сусынын бар. Арасат арпалысы күллі шаруаны күйзелтіп тынғанда біз сенін сол куатына сенгенбіз. Соғыстан кайткандарға бәрін қайта бастауға тұра келді. Жан бергенге – дем берген. Мен орак пен кетпенімді кайтадан құлаштай сокқан қызу күндерімді қайтып ұмытармын...

Тер текке төгілген жоқ. Ақыры абырайға жолықтырды.

...Аман ата 1952 жылы звено жетекшілігіне ауысты. Құтімінде 20 гектар құріштік. Есінде ме, ырыс арнасы, бұл кісі 1961 жылға дейін мол өнімнен тау тұрғызған шығар-ау. Содан калған белгі: әне, омырауында Бұқілодактық Көрменің алтын, күміс, кола медальдары жарыса жарқырайды. Ал 1956 жылы гектар сайын 56 центнерден құріш келтіріп, колхоз рекордын жаңартты. СССР Жоғарғы Советі Президиумының жарлығымен 1957 жылы 11 кантарда Енбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Жауынгерлік медальдарына косылған бейбіт енбек ескерткішінің және бір сырғы осындай.

– ...Иә, кезі келгенде тізгінді жастарға бердік. Енбек қайтты. Арман орындалды. Соғыстан сон дүниеге келгендер ер жетіп, ел катарына косылды. Әсіресе 1961 жылы біздің осы «1 Май» іргелес «Казакстанның 30 жылдығы» колхозымен бірігіп, бірынғай каракөл совхозына айналғаннан кейінгі дәулеттің шалкуын айт! Бұгінде канаттас төрт бөлімшесі дамыған төрт шаруашылыққа татиды. Жыртылып айрылған төрт тұлігі өріске сыймауға айналды... Кемеліне келді, кемшілігі толды деген осы да! Бұған осы «1 Маймен» бірге жасаскан мен қуанбай кім қуанады...

Ол канал жиегімен іргелі жүрді. Көнілінде тәтті тілек: «Арнаң ортаймасын, таси тұс! – деді ескі сырласына. – Мен әлі талай келемін...»

- Ерболжан, қайдасын?
- Мен мындамын, ата. Көп-көп гүл тердім.
- Жүре ғой, тентегім. Біраз сергідік қой. Үйге қайтайык.
- Ата-а-а... аркалашы!
- Келе ғой, тентегім.

Ерболға осы керек. Енді атасының омырауындағы әдемі әшекейлеріне қолы еркін жетеді.

— Ой, ата-а-а... ауылды карашы. Энеу-әне!

Ауыл үстінде Күннің кешкі қызыл нұры шалқиды. Совхоз дирекциясы мен ауылдық Советтің енселі кенселері, биіктігі қос кабатты үйдегі мәдениет Сарайы мен үш кабатты мектеп – бәрі жалындай желбіретіп ту көтерген. Бұл – жакындалап калған Женіс мерекесінің белгісі еді. Алқызыл тулар жарыса желбіреп, жарыса құбылады. Жапырағы жайқалған жасыл желектер астынан ауыл орталығының асфальт көшелері Күн астында жарқырап жатыр.

Немересін төбесіне тік көтеріп, мойнына мінгізіп алған Аман аксақал ауылға беттеді. Қарсы алдынан жанға жайлыш бір-бір керімсал самалдың желпініп коя бергені. «Пай-пай, жаңарап гүлдеген жиденін жұпары-ай, бұркырауын жарықтықтын...» – Қария кеудесін кере тыныс созды.

III. АЛҒАШ АТА

Алғаш атамыз да бір кездері бесік табы белінен кетпеген қызыл ауыз сәби болған. Көк сазға біткен көкөрім талдан ат жасап алып, күні бойы ойнайтын да жүретін. Баршаға бірдей бейдауа тағдырдың құліп басталып, күніреніп өтетін кер тынысын айыра алар кезі емес-ті. Бір күні зұлмат тағдыр өз дегеніне жетпей коймады. Ақыры жетіп тынды-ау, бір күндері.

Бұлыңғыр заманын ауыртпалығы Аяш, Жалғас, Алғаш дейтін ағайынды үш баланын иығына ошарыла шөгіп алды. Бұл қазак дана ғой: «Әкем – аскар тауым» деп неге айтты дейсін, басынан кешкесін айтты да.

Сол әке дүниеден кайтты. Үйелмелі-сүйелмелі үш бірдей мұнлықтың аскар тауы мезгілсіз құлады. Ағайынды үшеудін ен кенжесі Алғаш он жасында «жетім бала» атанды.

«Жасаған-ай, біздін де күніміз туып, көзіміз ашылар ма екен...» деп күніреніп бір алар еді қаралы ана. Мұнаятын. Зар айтатын. Бірак ұлан-асыр уакыт көші табанынан таусылып калғандай асығар болмады. Күніренген күндер кашан, қай кезде таусылар екен, шетшегі бар ма, жок па... о жағы белгісіз. Ел іші барған сайын «Елім-айды» көп айтатын болды.

Каратаудың басынан көш келеді,

Көшкен сайын бір тайлак бос келеді...

Я, дала зарын ана айтады да. Ана айтпағанда кім айтушы еді...;

Кер маралдай керіліп жатқан ұлы Дағаны «бір елес кезіп, жүргендей...» Алда не болады? Келешекте не күтіп тұр?

Онын сырын ол кезде кім біле койған. Уақыт керуені асығар емес. Асықлайтыны о да ұлылықты күткен еді. Жер бетіне ұрпак жайған адам Анасынан да уақыт күші күдіретті екен.

Сөйтіп жүргенде үш баланың анасы да көп ұзамай дүние салды. Бакыт таңын ансай күткен аяулы ана арманда кетті... Неткен қатал ен, неткен қатал ен, тағдыр! Солай, бір күні болмаса, бір күні суға баткан, кара тастай жарқ етесін де жок боласын... еш шара жок-ау саған.

Содан бері кім біліпті, Алғаш баланың неше рет жылап, неше рет жұбанғанын. Жат босағаны аттай-аттай шаршайын деді. Әбден жалығып біткен-ді. Титығы күрыды.

— Байдын жалшы баласы.

— Kisi есігінде жүрген бала ғой бір...

А-а-а, құдай! Осы сөздерді есіткен сайын жас жүрегі қанды жылайтын. Осы сөздерді есітіп жүргенше кос қолын тәбесінде, койып кен даланы кезіп кетсе кайтер еді. Жыртық көніл соны да, бір желеу көретін.

Уақыт сыры беймәлім. Беймәлім дүниеде не қызық қалды...
Кайда барады? Жүрек зарын кімге айтады?

Жалшы бала жанын кинайды. Қинайтыны – аяулы арманы бар еді. Ол соны ансады. Соны ансан тағатсыз торығатын. Ана сүтімен бірге жаралған пәк арманы – бір басының бакыты да. Дүние жалған-ай, оны кайдан табар екен. Бакыт таңы кайдан атады? Іздесе таптырар ма? Тұрағы кайда ата-баба армандал өткен, бакыттың? Қой үстіне боз торғайы жұмыртка лайтын жұмак заманы алыс па, жақын ба?

Ұлы Даға күніреніп салғандай болады көніліне: Жақын қалды!
Жақын қалды, жан балам! – деп.

Жалшы бала жан сырын айтады. Жасырмай егіліп айтады. Оның арманға толы үмітіне ұлан байтак ұлы Дағаның дана жүрегі де ден коятын. Тесік өкпе болған перзенттері дегенде еш тағатсыз, елжіреп сала беретін, жарықтық Жер-Ана.

Я, уақыт өз ұлылығын көрсетпей коймас-ау бір.

Ақыры көрсетті. Көрсеткенде қандай және...